

## Қазақстан Республикасының азаматтық және мемлекеттік авиациясының бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі 2011 жылғы 18 наурыздағы № 128 және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі 2011 жылғы 25 ақпандығы № 91 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 26 сәуірде № 6922 тіркелді.

"Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 69-бабының 3-тармағына сәйкес

**БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтық және мемлекеттік авиациясының бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану қағидасы бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ә. Әдімолда) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғаш жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Корғаныс

\_\_\_\_\_ Ә. Жақсыбеков

Республикасының Қазақстан

министрі Көлік

және

министрі \_\_\_\_\_ Ә. Құсайынов

Республикасының

коммуникация

Қазақстан Республикасы  
Корғаныс министрлінің  
2011 жылғы 18 наурыздағы  
№ 128 және  
Қазақстан Республикасы  
Көлік және коммуникация  
министрлінің  
2011 жылғы 25 ақпандығы  
№ 91 бірлескен бұйрығымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының азаматтық және мемлекеттік авиациясының бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану қағидасы

**1-тарау. Жалпы ережелер**

**Ескеरту.** 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Қазақстан Республикасының азаматтық және мемлекеттік авиациясының бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану қағидасы (бұдан әрі - Қағида) меншік нысанына қарамастан бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында ұшуды ұйымдастыруды, жүргізуі және қамтамасыз етуді белгілейді.

2. Осы Қағидада мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) азаматтық авиация саласындағы үәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) алыс аймақ - әуеайлақ ауданының шегінен тыс әуе қозғалысын басқару ауданының шекарасына дейін мемлекеттік авиацияның әуе қозғалысын басқару жауапкершілігінің аймағы;

3) әуеайлақтың бақылау нүктесі - әдетте әуеайлақтың ұшу-қону жолагы орталығының географиялық орнымен (геодезиялық координаттармен) айқындалатын нүкте;

4) әуе қозғалысын басқару органы (бұдан әрі – ӘҚБ органы) – өз құзыреті шегінде және оған белгіленген аймақ пен аудандарда әуе қозғалысын басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік авиацияның басқару орталығы немесе басқару пункті;

5) әуе қозғалысына қызмет көрсету (бұдан әрі – ӘҚҚ органы) – әуе қозғалысына диспетчерлік қызмет көрсету органы, ұшу ақпараты орталығы немесе аэронавигациялық ұйымның әуе қозғалысына қызмет көрсетуіне қатысты хабарламаларды жинау пункті;

6) әуе қозғалысына қызмет көрсету диспетчері (бұдан әрі - ӘҚҚ диспетчері) - ӘҚҚ диспетчерінің (жақындау, айналым, қону, мұнара, сөре, бұру диспетчері) күші бар күелігі бар және ӘҚҚ диспетчерлік пункттерінің біріне жұмысқа жіберілген маман;

7) бірлесіп орналастыру әуеайлақтары – азаматтық, мемлекеттік және (немесе) эксперименттік авиация ұйымдары бірлесіп орналасатын әуеайлақтар;

8) көріну (көріну қашықтығы) – құндіз жарықтандырылмаған объектілер (бағдарлар) және түнде жарық бағдарлар (жарықтандырылған объектілер) көрінетін және танылатын ең үлкен арақашықтық;

9) қону белгіленген әуеайлақ – ұшу жоспарында және ұшу тапсырмасында қонуы белгіленген әуеайлақ ретінде көрсетілген әуеайлақ;

10) қосалқы әуеайлақ – қону белгіленген әуеайлаққа бару немесе оған қону мүмкін болмаған немесе мақсатқа сәйкес болмаған жағдайда, әуе кемесі бара алатын әуеайлақ;

11) мемлекеттік авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе көністігін пайдалану және мемлекеттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

12) орналастыру әуеайлағы (базалық әуеайлақ) - әуе кемелері тұрақты орналасатын және осы мақсаттар үшін қажетті құрылыштары бар әуеайлақ;

13) таяу аймақ - әуеайлақ ауданында мемлекеттік авиацияның әуе қозғалысын басқару жауапкершілігінің аймағы;

14) ұшу-қону жолағы (бұдан әрі - ҰҚЖ) - әуе кемелерінің қонуы мен ұшуына дайындалған құрылыштық әуеайлағының ұшу жолағының белгілі бір тік бұрышты участкесі;

15) ұшу жоспары – әуе қозғалысына қызмет көрсету және (немесе) әуе қозғалысын басқару органдарына пилот (ұшқыш), экипаж немесе пайдаланушы ұсынатын әуе кемесінің белгіленген ұшуы немесе ұшуының бір бөлігі туралы белгілі бір мәліметтер;

16) ұшуға және қонуға бет алу аймағы – ұшу және қонуға бет алу кезінде әуе кемелерінің маневр жасауын қамтамасыз ететін әуеайлақ деңгейінен екінші эшелонның биіктігіне дейінгі шекараны қосқандағы әуе көністігі;

17) ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету пайдаланушы – эксплуатанттарға, ұшу экипажының мүшелеріне ӘҚҚ (ӘҚБ) органдарына, іздеу-құтқару қызметтеріне, әуежайлар әкімшілігіне және халықаралық аэронавигацияны жүзеге асыруға немесе дамытуға байланысты басқа органдарға олардың міндеттерін орындауға қажетті сапалы метеорологиялық ақпаратты уақтылы беру болып табылады;

18) ұшуды орнитологиялық қамтамасыз ету – әуе кемелерінің құстармен соқтығысуының алдын алуды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.**

3. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтары тиесілігі бойынша азаматтық немесе мемлекеттік авиацияға жатады.

4. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтарын пайдалану осы Қағидаға сәйкес пайдаланушылар арасында жасалатын шарттар негізінде жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік авиацияның бірлесіп орналастыру әуеайлағын пайдалану ерекшеліктері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 744 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16210 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік авиациясының ұшуды жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленетін аэронавигациялық паспортпен айқындалады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

6. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтары қону белгіленген әуеайлақтар және/немесе қосалқы әуеайлақтар ретінде пайдаланылады.

7. Азаматтық авиацияға тиесілігі бойынша жататын бірлесіп орналастыру әуеайлақтары әуе кеңістігін барлық пайдалануышының әуе кемелері үшін қосалқы әуеайлақ ретінде пайдаланылады.

## **2-тaraу. Ұшуды жоспарлау және ұйымдастыру тәртібі**

Ескерту. 2-тaraудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтары ауданындағы әуе кеңістігін пайдалануды жоспарлау және үйлестіруді олар орналасқан жауапкершілік аймақтарында (аудандарында) Қазақстан Республикасы Қорғаныс Күштері Әуе қорғанысы күштерінің аудандық әуе қозғалысын басқару орталығы, сондай-ақ "Қазақстан Республикасы әуе кеңістігің пайдалану және авиация қызметі туралы" 2010 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабында (бұдан әрі – Зан) белгіленген әуе кеңістігің пайдаланудағы басымдықтарға сәйкес осы әуеайлақтардың ӘҚБ органдары және (немесе) ӘҚҚ органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтары аудандарында азаматтық авиацияның әуе кемелерінің әуе қозғалысына, сондай-ақ мемлекеттік авиацияның әскери-көліктік және (немесе) көліктік әуе кемелерінің жекелеген ұшына және ұшып өтуіне қызмет көрсетуді ӘҚҚ органының (қызметінің) кезекші ауысымы жүзеге асырады.

Әуе қозғалысына қызмет көрсету "Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2011 жылғы 16 мамырдағы № 279 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7006 болып тіркелген) (бұдан әрі - ӘҚҰ жөніндегі нұсқаулық) сәйкес жүзеге асыralады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (

**алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлесken бұйрығымен.**

10. Тиесілігі бойынша мемлекеттік авиацияға жататын бірлесіп орналастыру әуеайлақтарының ауданында жоспарлы мемлекеттік авиация ұшуларын және азаматтық әуе кемелерінің ұшуын бір мезгілде орындау кезінде әуе кемелерінің әуе қозғалысын басқаруды, сондай-ақ тиесілігі бойынша азаматтық авиацияға жататын бірлесіп орналастыру әуеайлағында мемлекеттік авиация әскери әуе кемелерінің ұшуын басқаруды авиациялық әскери бөлімнің (ӘҚБ органдының) ұшу басшылығы тобынан және азаматтық авиация ӘҚБ қызметі диспетчерлерінің ауысым кезекшісінен тұратын әуе қозғалысын басқарудың бірлесken тобы (бұдан әрі - ӘҚБ БТ) жүзеге асырады.

Авиациялық әскери бөлімнен (ӘҚБ органдынан) ӘҚБ БТ құрамы ұшу нұсқаларына, авиациялық әскери бөлім шешетін міндептерге және әуе кемелері әуе қозғалысының жиілігіне байланысты анықталады және авиациялық әскери бөлімнің командирі тағайындалады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлесken бұйрығымен.**

11. Мемлекеттік авиацияның әуе кемелерімен жоспарлы ұшуды орындау кезінде авиациялық әскери бөлімнен (ӘҚБ органдынан) ӘҚБ БТ құрамына мыналар тағайындалады:

- 1) ұшу басшысы (бұдан әрі - ҰБ);
- 2) ұшу басшысының көмекшісі (бұдан әрі - ҰБК);
- 3) таяу аймақтың басшысы (бұдан әрі - ТАБ);
- 4) қону аймағының басшысы;
- 5) алыс аймақ басшысы (әскери басқару офицері) (бұдан әрі - ААБ).

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлесken бұйрығымен.**

11-1. ӘҚҚ органдынан (қызметінен) ӘҚБ БТ құрамына әуеайлақтық диспетчерлік орталықтың (бұдан әрі - ӘДО) немесе ӘҚҚ органдының (қызметінің) кезекші ауысымының әуеайлақ ауданы диспетчерлік пунктінің (бұдан әрі - ӘАДП) персоналы кіреді. Әуе кеңістігінің құрылымына байланысты ӘҚБ БТ құрамына аралас әуе қозғалысында жауапкершілік ауданында ұшу жүргізілетін ӘҚҚ аралас пункттерінің диспетчерлері де кіруі мүмкін, олар ӘҚБ БТ басшысына жедел бағынады.

**Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (**

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрықтарымен.

12. ӘҚҚ органының (қызметінің) ӘДО диспетчерлік пункттерінің (ӘАДП) және әскери бөлімнің ӘҚҚ органы мемлекеттік авиацияны басқару пункттерінің арасында әуе қозғалысына қызмет көрсету және басқаруды үйлестіру құжатталған ақпарат қуралдарымен қамтамасыз етілген байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады.

Байланыс арналары арқылы таратылатын барлық келіссөздер мен хабарламалардың құжатталған ақпараты 30 күнтізбелік күн бойы сақталады.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрығымен.

13. Тиесілігі бойынша мемлекеттік авиацияға жататын бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында ӘҚБ БТ басшысы:

1) жоспарлы мемлекеттік авиация әуе кемелерінің ұшуларын және азаматтық әуе кемелерінің ұшуларын бір мезгілде жүргізу кезінде – азаматтық авиация ҰБ, мемлекеттік авиация ҰБ ӘҚБ БТ басшысының көмекшісі;

2) азаматтық әуе кемелерінің әуе қозғалысына және олармен бірге орындалатын мемлекеттік әуе кемелерінің жекелеген ұшуына (ұшып өтуіне) қызмет көрсету кезінде - азаматтық авиация ҰБ, мемлекеттік авиация ҰБ ӘҚБ БТ басшысының көмекшісі болып табылады.

Тиесілігі бойынша азаматтық авиацияға жататын бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында ӘҚҚ органының (қызметінің) ҰБ (аға диспетчері) ӘҚБ БТ басшысы болып табылады, ал авиациялық әскери бөлімнің (ӘҚБ органының) ҰБ ӘҚБ БТ басшысының көмекшісі болып табылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрығымен.

14. Мемлекеттік және азаматтық авиация әуе кемелерінің бір мезгілдегі ұшуына тікелей басқару жасауды авиациялық әскери бөлім (ӘҚБ органы) мен азаматтық авиация ӘҚҚ органы (қызметі) өкілдері ӘҚБ БТ басшысының жалпы басқаруымен жүзеге асырады. ӘҚБ БТ басшысы өз жауапкершілігі аймағында әуе кемелерінің әуе қозғалысына тікелей қызмет көрсетуді (ұшуды басқаруды) ұйымдастырады және әуе кемелерінің әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (ұшуды басқаруды) үйлестіреді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

14-1. Мемлекеттік және азаматтық авиация әуе кемелерінің бір мезгілдегі ұшуын орындау кезінде әуе қеңістігін пайдаланудағы басымдық Заңының 25-бабына сәйкес беріледі.

**Ескерту. 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

15. Бірлесіп орналастыру әуеайлағы ауданында мемлекеттік және азаматтық авиация әуе кемелерінің бір мезгілдегі ұшуын орындау кезінде әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (ұшуды басқару) олар үшін жауапкершілік аймақтарында белгіленген шекараларда ӘҚҚ (ӘҚБ) органы жүзеге асырады:

1) ұшу және қону аймағында:

мемлекеттік авиацияның ҰБ немесе ҰБК және азаматтық авиация ӘҚҚ органының (қызметінің) ӘДО (ӘАДП) диспетчері - көзбен көрінетін шекте;

мемлекеттік авиацияның ұшу және қону аймағының басшысы мен азаматтық авиация ӘҚҚ органының (қызметінің) ӘДО (ӘАДП) диспетчері – қону бағытындағы ҰҚЖ осінен +/- 25 градус секторында және ҰҚЖ басынан 60 км қашықтықта.

2) ұшу және қону аймағының басшысы және азаматтық авиация ӘҚҚ органының (қызметінің) ӘДО (ӘАДП) диспетчері - таяу аймақта (әуеайлақтың бақылау нүктесінен 50-60 км радиуста) мемлекеттік авиацияның ТАБ немесе таяу аймақтың штаттық басшысы жоқ болмаған кезде;

3) мемлекеттік авиацияның ААБ әскери басқару офицері мен азаматтық авиацияның жақындау диспетчері - алыс аймақта (әуеайлақтың бақылау нүктесінен 75 км қашықтықтан және әуеайлақ ауданында ҰЖН белгіленген шекараға дейін).

ӘҚБ БТ құрамына кіретін ӘҚҚ органының (қызметі) диспетчерлік пункттерінің жауапкершілік аймақтары және әуе қозғалысына қызмет көрсететін қабылдау-өткізу шекарасы тиісті диспетчерлік пункттер қызметін регламенттейтін технологияға сәйкес белгіленеді.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

15-1. Жергілікті орналастыру жағдайларына және әуе қозғалысына қызмет көрсетуді (ұшуды басқару) ұйымдастыру ерекшеліктеріне қарай әуеайлақ ауданында

ұшуды жүргізу нұсқаулықтарында әуе қозғалысына қызмет көрсету (ұшуды басқару) аймақтарының осы Қағидаларының

15-тармағында көрсетілгеннен өзге шекаралары белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

16. ӘҚБ БТ басшысы мен ӘҚБ БТ басшысының көмекшісі ұшудың қауіпсіздігін, тұрақтылығын және үнемділігін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

17. Осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес ӘҚБ БТ ұйымдастырылған бірлесіп орналастыру әуеайлағындағы авиациялық әскери бөлімде жоспарлы ұшу болмаған кезде және мемлекеттік авиация әуе кемелерінің (тікүшақтар мен әскери-көлік ұшақтарын қоспағанда) жекелеген ұшы немесе ұшып өтуі ғана болған кезде авиациялық әскери бөлім атынан ӘҚБ БТ құрамына:

- 1) әуе кемелерін қабылдау және шығару жөніндегі кезекші;
- 2) ұшу және қону аймағының басшысы немесе таяу аймақ басшысы тағайындалады.

ӘҚҚ органынан ӘҚБ БТ құрамына ӘҚҚ диспетчерлерінің кезекші ауысымы толық құрамда тағайындалады.

ӘҚБ БТ басшысы ӘҚҚ органының ҰБ (аға диспетчер), ал әуе кемелерін қабылдау және шығару жөніндегі кезекші – оның көмекшісі болып табылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

18. Мемлекеттік авиацияның әуе кемелері қозғалысын таяу аймақта және ұшу-қону аймағында басқару, әдетте, ерекше жоғары жиілікті (бұдан әрі - ЕЖЖ) радиобайланыстың әртүрлі жиіліктерінде жүзеге асырылады. Әскери әуе кемелерінің ұшуын таяу аймақта және ұшу-қону аймағында басқару ЕЖЖ радиобайланыстың бір жиілігінде жүзеге асырылады.

### **3-тaraу. Ұшуды әуеайлақтық-техникалық қамтамасыз ету**

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің

14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

19. Бірлесіп орналастыру әуеайлағында ұшуды әуеайлақтық-техникалық қамтамасыз ету нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес осы әуеайлақта орналасқан мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдарының құралдарымен жүзеге асырылады.

20. Әуеайлақты пайдаланып ұстаяға және ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар әуеайлақта орналасқан мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдарының арасындағы шарттармен (келісімдермен), есептесудің нақты шарттарын және орындалатын жұмыстар көлемін көрсетіп ресімделеді.

21. Жасалған шарттардың (келісімдердің) негізінде әуеайлақты ұстай және ағымдағы жөндеу бойынша жұмыстарды орындау үшін әуеайлақта орналасқан мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдарының қажетті жеке құрамы мен техникасы бөлінеді.

22. Көліктің ұшу алаңы, перрон және әуеайлақ бойынша қозғалысы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

23. Ұшу алаңында жұмыстар жүргізу осы әуеайлақтың мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдарының басшылары бекітетін, әуеайлақтың ӘҚБ БТ ұшудың қамтамасыз ететін әуеайлақтық және басқа қызметтердің өзара іс-қимыл тәртібінің талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

24. Бірлесіп орналастыру әуеайлағын жөндеуге жабу әуеайлақта орналасқан мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдарының басшылары арасында алдын ала келісілген жоспар бойынша жүзеге асырылады.

25. Азаматтық авиацияда пайдаланылатын әуеайлақтар (тікұшақ әуеайлақтары), сондай-ақ бірлесіп пайдалану және орналастыру әуеайлақтары азаматтық авиация әуеайлақтарын (тікұшақ айлақтарын) пайдалануға қойылатын жарамдылық нормаларына сәйкес келуі тиіс.

26. Күрделі шығындарды талап өтетін бірлесіп орналастыру әуеайлақтарындегі навигацияның және қонудың объектілерін салу (қайта жаңарту) жөніндегі жұмыстарды объектілер тиесілі ұйымдар ұйымдастырады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

**4-тaraу. Байланысты, ұшуды радиотехникалық және электржарықтехникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәртібі**

Ескеरту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

27. Балансында ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету және байланыс жабдығы бар бөлімше басшысы бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында жабдықтың баланстық тиесілігі шегінде ұшуды радиотехникалық қамтамасыз етуді және байланысты ұйымдастырады.

Ескеरту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

28. Ұшуды және байланысты РТК жер бетіндегі құралдары осы жабдықты пайдаланудың белгіленген тәртібіне сәйкес орналастырады.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

29. Ұшуды және байланысты РТК құралдарын бірлесіп пайдалану, оларды дайындықта ұстая осы әуеайлақта орналасқан ұйымдар арасындағы шарттар мен келісімдер негізінде жүзеге асырылады және Әуеайлақ ауданында ұшуды орындау жөніндегі нұсқаулықта белгіленген тәртіппен регламенттеледі, онда бұдан басқа:

1) әуеайлақта ұшудың және байланыстың РТК ұйымдастыру сызбасы;

2) ұшуды және байланысты РТК негізгі және резервтік құралдары, объективті бақылау құралдары, электрмен қоректендіру көздері;

3) қызметтердің өзара іс-қимыл тәртібі, олардың жұмыс режимі көрсетіледі.

30. Шарттар мен келісімдерде келісілген ұшу және байланыс РТК құралдарының Шарттар мен келісімдерде келісілген профилактикалық және жоспарлы регламенттік жұмыстарын, сондай-ақ оларды ауыстыруды және күрделі немесе орташа жөндеуді әуеайлақта орналасқан мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдарының басшыларымен келісілген жоспарлар бойынша олардың иелері жүргізеді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

31. Алып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

32. Техникалық жай-күйді тексерудің және ұшып тексерудің актілерін, оларға қажетті қосымшаларымен бірге, әуеайлақта орналасқан ұшуды және байланысты РТҚ құралдары тиесілі ұйымдардың басшылары бекітеді.

Бірлесіп орналасу әуеайлақтарындағы ұшуды және байланысты РТҚ жер бетіндегі құралдарының ұшып тексерудің уақтылығына, толықтығына және оған дайындығына құралдардың тиесілігіне қарай авиациялық бастықтар - мемлекеттік және азаматтық авиация РТҚ мен байланыс құралдарын пайдалану қызметтерінің бастықтары қамтамасыз етеді.

33. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтарындағы ұшу және байланыс РТҚ жерусті құралдарын техникалық пайдалану Заңың 34-бабының талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

Бірлесіп орналастыру әуеайлақтарындағы РТҚ және байланыс құралдарына техникалық қызмет көрсетуді тиісті шарттар негізінде басқа ұйымның мамандары жүзеге асырады.

**Ескерту.** 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

34. Осы әуеайлақта орналасқан ұйымдардың ұшы мен байланысын РТҚ жердегі құралдарын пайдалану мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдары арасындағы шарттар негізінде ұшу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

35. Мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдары шарттар немесе келісімдерде келісілген өзінің радиотехникалық құралдарын пайдаланудан екінші тараппен келісім бойынша шығарады.

**Ескерту.** 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

36. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында әуеайлақ (аэроторап) ауданында ӘҚБ-ның авиациялық радиобайланыс арналары осы әуеайлақта орналасқан ұйымдардың қаржысы есебінен ұйымдастырылады. Оларды мемлекеттік авиацияның ұлгі схемасы бойынша толық жабдықтау Заңың

66-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес авиациялық әскери бөлімдердің күшімен және қаражатымен жүзеге асырылады.

**Ескерту.** 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

37. Алып тасталды - ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 23.07.2015 № 782 және ҚР Қорғаныс министрінің 04.09.2015 № 508 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

38. Тұрақты жарық-техникалық жабдықты азаматтық авиация ұйымы азаматтық әуеайлақтардың пайдалануға жарамдық нормаларының талаптарына сәйкес орнатады. Оларды мемлекеттік авиацияның ұлғі сызбасы бойынша жабдықтай түсу мемлекеттік авиация әуеайлақтарының пайдалануға жарамдық нормаларының талаптарына сәйкес мемлекеттік авиация ұйымдарының күшімен және қаражатымен жүзеге асырылады. Жылжымалы жарық-техникалық жабдықты осы жабдық тиесілі ұйымдардың мамандары орнатады және пайдаланады.

## **5-тaraу. Әуе кемелеріне инженерлік-авиациялық қызмет көрсету тәртібі**

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

39. Бірлесіп орналастыру әуеайлақтарында әуе кемелеріне инженерлік-авиациялық қызмет көрсету осы әуеайлақта әуе кемелері орналасқан ұйымдардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

40. Әуе кемелері әуеайлақта орналасқан ұйымдардың инженерлік-авиациялық қызметтері арасындағы әуе кемелерін техникалық пайдалану мәселелері бойынша өзара іс-қимылдар шарттарға (келісімдерге) сәйкес жүзеге асырылады.

## **6-тaraу. Әуеайлақты күзету және қорғау тәртібі**

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

41. Қазақстан Республикасының бірлесіп орналастыру әуеайлағы объектілерін күзету және әуеайлақтарын қорғау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) ұсынымдарына сәйкес қамтамасыз етіледі.

42. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуе кемелерін және объектілерін күзету әуеайлақтың ұшу алаңына, ұшақтар мен тікұшақтарға, әуе кемелерінің ұшуын қамтамасыз ететін объектілерге, сондай-ақ оларға ену бақыланатын ғимараттар мен үй-жайларға бөгде адамдардың өтуін болдырмайтын тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

43. Әуеайлақтың әуе кемелері мен объектілерін күзетуді азаматтық авиация ұйымдары дербес немесе күзет қызметі субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

44. Әуеайлақта орналасатын мемлекеттік және азаматтық авиация ұйымдарының басшылары бірлесіп орналастыру әуеайлағының әуе кемелерін, объектілерін және қорғанысын күзету жоспарын бірлесе әзірлейді және бекітеді.

45. Авиациялық техникада жұмыс істеу кезінде тұрақтарда орналасқан әуе кемелерінің, жабдықтардың және мұліктердің сақталуына осы әуе кемесіне қызмет көрсететін инженерлік-техникалық құрамы жауапты болады.

46. Күзетке алынған әуе кемелерінің, соның ішінде ұшып өтетіндерінің тұрақ орнына экипаждар мен қызмет көрсетуші персоналды жіберу Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## **7-тaraу. Ұшуды метеорологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру тәртібі**

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

47. Бірлесіп орналастыру әуеайлағында мемлекеттік авиацияның ұшуын метеорологиялық қамтамасыз ету мемлекеттік авиацияның штаттық метеорологиялық бөлімшелері нормативтік құқықтық актілерде көзделген тәртіpte жүзеге асырады.

Бірлесіп орналастыру әуеайлағында азаматтық авиацияның ұшуын метеорологиялық қамтамасыз етуді аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілер жүзеге асырады.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

48. Әуеайлақта тек бір ғана метеорология бөлімшесі бар болғанда, ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету осы бөлімше Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған шарттардың негізінде әуе кемелерінің мемлекеттік және азаматтық авиацияға тиесілігіне қарамастан жүзеге асырады.

49. Алып тасталды – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

50. Мемлекеттік және авиацияның метеорологиялық бөлімшелері өзара қарым-қатынаста жұмыс істейді және метеорологиялық ақпаратпен тұрақты алмасуды және ҰБ мен диспетчерлерге өзуе кемелерінің әкипаждарына жіберілетін метеорологиялық бақылаулардың нәтижелерін беруді жүзеге асырады. Метеорология бөлімшелерінің арасында тікелей телефон не дауыс зорайтқыш байланысы орнатылады

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 04.06.2019 № 360 және ҚР Қорғаныс министрінің 14.6.2019 № 467 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК